

"Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары туралы" облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 235 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2012 жылғы 18 сәуірдегі № 21 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 2 мамырда № 3392 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі № 481 Су Кодексінің 38-бабының 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің (Салық Кодексі) 487-бабының 1-тармағына, «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6-бабының 5-тармағына және «Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 223, Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5675 тіркелген, бұйрығына сәйкес облыстық мәслихат

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

1. «Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары туралы» облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 235 шешіміне (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3306 тіркелген, 2010 жылғы 19 қаңтардағы «Ақтөбе», «Актюбинский вестник» газеттерінің № 6-7 жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген шешіммен бекітілген жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларының мөлшері жаңа редакцияда қосымшаға с ә й к е с б е к і т і л с і н .

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Облыстық мәслихаттың</i>		<i>Облыстық</i>	
<i>сессия төрағасы</i>	<i>мәслихаттың хатшысы</i>		
Қ.ЕЛУБАЕВ	С.ҚАЛДЫҒҰЛОВА		
2012 жылғы	18 сәуірдегі	№	21
облыстық қосымша	мәслихаттың	шешіміне	
	2009 жылғы 21 желтоқсандағы	№	235
облыстық қосымша	мәслихаттың	шешіміне	

Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларының МӨЛШЕРІ

Жайық, Сағыз, Ембі, Ойыл өзендері бассейні

№ р/с	Арнаулы су пайдаланудың түрі	Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлері
1.	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 тек.м	86,5
2.	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегенде	теңге/1000 тек.м	248,0
3.	Ауыл шаруашылығы	теңге/1000 тек.м	69,5
4.	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 тек.м	67,2
5.	Су көздерінен балық аулайтын балық шаруашылығы, тұтынушылар	теңге/тонна	175,5
6.	Су энергетика	теңге/1000 кВт.сағ	-
7.	Су көлігі	теңге/1000 тек.м	8,3

Торғай, Ырғыз өзендері бассейні

№ р/с	Арнаулы су пайдаланудың түрі	Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлері
1.	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 тек.м	74,0
2.	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегенде	теңге/1000 тек.м	209,3
3.	Ауыл шаруашылығы	теңге/1000 тек.м	58,0
4.	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 тек.м	58,0
5.	Су көздерінен балық аулайтын балық шаруашылығы, тұтынушылар	теңге/тонна	150,0
6.	Су энергетика	теңге/1000 кВт.сағ	-
7.	Су көлігі	теңге/1000 тек.м	-

Ескертпе: Төлемақы мөлшерлері сәйкес жылдық инфляцияның ресми деңгейіндегі индексін ескере отырып есептеледі.